

**«Kaspi Bank» АҚ-тың коллекторлық агенттіктермен  
ынтымақтастық орнатуының негізгі қағидаттары туралы  
меморандумды бекіту туралы» бұйрыққа  
№ 1 қосымша № 157 «25» 07 2018 ж.**

**«Kaspi Bank» АҚ-тың коллекторлық агенттіктермен  
ынтымақтастық орнатуының негізгі қағидаттары туралы  
МЕМОРАНДУМ**

Алматы қ.

«\_\_» \_\_\_\_\_ 20\_\_ ж.

Осы Меморандум банк қарызы шарттары бойынша мерзімі өткізілген берешекті өндіру қызметін жүргізу аясында «Kaspi Bank» АҚ-тың (Банк) коллекторлық агенттіктермен ынтымақтастық орнатуының негізгі қағидаттарын айқындайды.

Банкпен Банк қарызы шарттары бойынша мерзімі өткізілген берешекті өндіру туралы шартты (Өндіру туралы шарт) жасасқанда коллекторлық агенттік осы Меморандумға автоматты түрде қосылады және оның ережелерін орындауға міндеттенеді.

**1-тарау. Ынтымақтастық орнату қағидаттары**

1. Банк пен коллекторлық агенттіктердің арасындағы ынтымақтастық орнату келесі негізгі қағидаттарға негізделеді:
  - Қазақстан Республикасының заңнамасын дәл және біркелкі сақтау;
  - Банк борышкерлерінің құқықтарын сақтау;
  - қызметтің жоғары моральдық және әдеп ережелерін сақтау;
  - Банкке беделділік және қаржылық залал келуіне жол бермеу.
2. Осы Меморандум ерікті ниет актісі болып табылады және белгіленген мақсаттарға қол жеткізу үшін Банк пен коллекторлық агенттіктердің өзара адал ынтымақтастық орнату ниетін анықтайды.

**2-тарау. Ынтымақтастық орнату талаптары**

3. Банк пен коллекторлық агенттіктің арасында жасалған Өндіру туралы шарт Коллекторлық агенттіктердің өздерінің кәсіптік қызметін жүргізуінің құқықтық негізі болып табылады.
4. Өндіру туралы шарттың аясында коллекторлық агенттік борышкердің борышты өтеуіне бағытталған іс-шараларды жүргізген кезде өз атынан және Банктің мүддесіне сай әрекет ете отырып, сол немесе өзге іс-шаралардың кезектілігін, қажеттілігін және орынды жүргізілуін өз бетінше айқындайды.
5. Коллекторлық агенттіктің борышкерлермен не болмаса үшінші тұлғалармен Банктің атынан бас тарту төлемі, жаңарту туралы келісімді, бітімгершілік келісімдерін, борышты сату туралы келісімдерді жасасуға, сондай-ақ Банктің алдын ала жазбаша

келісімінсіз қамсыздандырудың құнын азайтуға, банк қарызы шарты бойынша құқықтық қатынастарды өзгертуге бағытталған кез келген мәмілені және т.б. жасасуға құқығы жоқ.

6. Коллекторлық агенттіктің Банктің жазбаша келісімінсіз Өндіру туралы шарт бойынша ақша талап ету құқығын қайсыбіреуге беруге немесе ол бойынша тапсырмаларды орындауды үшінші тұлғаларға тапсыруға құқығы жоқ.
7. Коллекторлық агенттіктің Өндіру туралы шартпен байланысты емес өзге қызметті жүргізуі Банктің іскерлік беделіне залал келтірмеуге тиіс.

### **3-тарау. Коллекторлық агенттіктің қызметінің қағидаттары**

8. Коллекторлық агенттік Банкпен ынтымақтастық орнату аясында қызметін жүргізген кезде:
  - Қазақстан Республикасының коллекторлық қызмет туралы заңнамасының және өзге қолданылатын заңнаманың ережелерін қатаң сақтауға;
  - банктің борышкерлерімен өзара қарым-қатынасында парасатты, әділ, мораль және адамгершілік қағидаттарына қатаң сәйкестікте адамгершілікпен әрекет етуге;
  - коллекторлық агенттіктің жұмысының әдістерін анықтаған және қолданған кезде жоғары әдеп қағидаттарын сақтауға;
  - оның Өндіру туралы шартқа сәйкес қабылдаған өз міндеттерін адал, білікті және уақтылы орындауға, Банктің құқықтары мен мүдделерін заңды жүзінде қорғауға;
  - Өндіру туралы шарт бойынша қызметті жүргізуге тартылған өз жұмыскерлерінің жоғары кәсіби біліктілігін қамтамасыз етуге;
  - Банктің борышкерлерінің құқықтарын сақтауға;
  - Банктен, борышкерлерден және үшінші тұлғалардан алынатын құжаттар мен ақпараттың сақталуын, борышкерлердің дербес деректерін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес қорғалуын қамтамасыз етуге;
  - осы Меморандумның талаптарын адал орындауға міндетті.

### **4-тарау. Қорытынды ережелер**

9. Осы Меморандум коллекторлық агенттік Банкпен Өндіру туралы шартқа қол қойған күннен бастап ол үшін міндетті болады және оның аяқталатын күніне дейін қолданылады.
10. Банк пен коллекторлық агенттік осы Меморандумға байланысты туындауы мүмкін даулар мен келіспеушіліктерді келіссөздер арқылы шешу үшін барлық шараларды қолданады.

\*\*\*